

А.К. Жаншабай¹ , Б.А. Сериев^{1*} , Б.А. Тайторина² ,
Ж.А. Хамзина² , М.Р. Конысбекова¹ 

¹І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: seriev_bolat@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТИІМДІЛІГІ: ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАҒИДАТТАР МЕН МЕХАНИЗМДЕР

Мақалада посткеңестік кеңістікте, әсіресе Қазақстан Республикасында, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру қажеттілігіне байланысты мемлекеттік қызметтің құқықтық және институционалдық негіздерін жетілдіру мәселелері қарастырылады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде жаңа тәуелсіз мемлекеттер үшін мемлекеттік аппараттың қайта құрылымдалуы – демократиялық және құқықтық мемлекетті қалыптастырудың маңызды шартына айналды.

Зерттеудің мақсаты – мемлекеттік қызметшінің құқықтық мәртебесін анықтай отырып, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыруға ықпал ететін факторларды талдау. Негізгі бағыттары – мемлекеттік қызметті реформалау, кадр саясатын жетілдіру, кәсіби этика мен жауапкершілікті нығайту және халықаралық тәжірибені ескере отырып, заңнамалық базаны оңтайландыру.

Жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығы – мемлекеттік басқару жүйесін заманауи талаптарға сай қайта құруда құқықтық регламенттеудің рөлін көрсету. Әдістеме ретінде салыстырмалы-құқықтық талдау, нормативтік актілерді саралау, тарихи-құқықтық шолу және жүйелі талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесін нақтылау, кәсіби даярлық, этикалық талаптар және еңбек жағдайларын жетілдіру мәселелері жүйеленіп, басқарудың тиімді үлгілері ұсынылды. Автор мемлекеттік қызметшінің анты, қашықтан жұмыс істеу, мансаптық өсу мүмкіндіктері мен әлеуметтік кепілдіктердің өзара байланысын аша отырып, мемлекеттік аппараттың функционалды тұрақтылығына әсер ететін негізгі тетіктерді анықтады.

Бұл зерттеу құқық, басқару және мемлекеттік қызмет саласындағы ғылыми білімге үлес қосады. Жұмыс нәтижелері кадрлық саясатты жетілдіру, заңнама реформасын жүргізу және басқару мәдениетін арттыруда практикалық негіз бола алады.

Түйін сөздер: мемлекеттік басқару, құқықтық мәртебе, мемлекеттік қызмет, әкімшілік реформа, этика, кадр саясаты, кәсіби дамыту.

A. Zhanshabay¹, B. Seriev^{1*}, B. Taitorina²,
Zh. Khamzina², M. Konysbekova¹

¹Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldy-Kurgan, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: seriev_bolat@mail.ru

Effectiveness of organizing the professional activities of a civil servant: legal principles and mechanisms

This article addresses the issues of improving the legal and institutional foundations of civil service in the context of enhancing the effectiveness of public administration in the post-Soviet space, particularly in the Republic of Kazakhstan. Following the collapse of the Soviet Union, restructuring the state apparatus became a key condition for building a democratic and rule-of-law-based state.

The aim of the study is to analyze the factors contributing to effective public administration by clarifying the legal status of civil servants. The main focus areas include civil service reform, improvement of personnel policy, strengthening of professional ethics and accountability, and optimization of the legislative framework based on international experience.

The scientific and practical significance of the work lies in demonstrating the role of legal regulation in modernizing the public administration system. The methodology includes comparative legal analysis,

The research results systematize issues related to the legal status of civil servants, their professional training, ethical standards, and working conditions. The author explores the interconnection between the civil servant's oath, remote working practices, career advancement, and social guarantees, identifying key mechanisms that affect the functional stability of the state apparatus.

This study contributes to the body of knowledge in law, public administration, and civil service. Its findings can be applied in human resource policy development, legislative reforms, and the enhancement of governance culture.

Keywords: public administration, legal status, civil service, administrative reform, ethics, human resources, professional development.

А.К. Жаншабай¹, Б.А. Сериев^{1*}, Б.А. Тайторина²,
Ж.А. Хамзина², М.Р. Конысбекова¹

¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдыкорган, Республика Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: seriev_bolat@mail.ru

Эффективность организации профессиональной деятельности государственного служащего: правовые принципы и механизмы

В статье рассматриваются проблемы совершенствования правовых и институциональных основ государственной службы в условиях необходимости повышения эффективности государственного управления в постсоветском пространстве, особенно в Республике Казахстан. После распада Советского Союза реформирование государственного аппарата стало важнейшим условием формирования демократического и правового государства.

Цель исследования – проанализировать факторы, способствующие повышению эффективности государственного управления через определение правового статуса государственного служащего. Основные направления – реформирование государственной службы, совершенствование кадровой политики, укрепление профессиональной этики и ответственности, а также оптимизация законодательной базы с учетом международного опыта.

Научно-практическая значимость работы заключается в выявлении роли правового регулирования в модернизации системы государственного управления. В качестве методологии использованы сравнительно-правовой анализ, изучение нормативных актов, историко-правовой обзор и системный подход.

В результате исследования систематизированы вопросы, касающиеся правового статуса госслужащих, их профессиональной подготовки, этических требований и условий труда. Автор раскрывает взаимосвязь между присягой госслужащего, дистанционным режимом работы, карьерным ростом и социальными гарантиями, определяя ключевые механизмы, влияющие на функциональную устойчивость государственного аппарата.

Исследование вносит вклад в развитие научных знаний в области права, управления и государственной службы. Результаты работы могут быть использованы в кадровой политике, законодательных реформах и повышении культуры управления.

Ключевые слова: государственное управление, правовой статус, государственная служба, административная реформа, этика, кадровая политика, профессиональное развитие.

Кіріспе

Кеңес одағының ыдырауы және бұрынғы одақтас елдердің саяси тәуелсіздікке ие болуы мемлекеттік басқару жүйесін қайтадан ойластыруға және мемлекеттік басқару институтын жетілдіруге айтарлықтай әсер етті.

Туысқан Демлекеттер Достастығы Республикаларының, оның ішінде Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару аппаратынның тиімділігін арттыруда және сапалы жұмысты қамтамасыз етуде жаңа форматтағы мемлекеттік қызметшілерді даярлау өміршеңдігін көрсетті.

Мемлекеттік аппаратты реформалау соңғы кездері жиі талқыланатын тақырыпқа айналды.

Мемлекеттік аппараттың жұмысының тиімділігі мен қнімділігін арттыруға байланысты реформалау қажеттілігі туындайды. Осыған орай, құқықтық-демократиялық мемлекетті нығайту және дамыту мүмкіндіктерін кеңейту, мемлекеттік аппараттың өкілеттіліктері мен құрылымын нақтылау бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу – ғылыми жұмысымыздың өзектілігіне айналды.

Мемлекетті аппаратты реформамалау біздің елде ғана емес, Еуролық одаққа кіретін көптеген мемлекеттерде жүргізілуде және заман талабына сай мемлекеттік аппаратты реформалау өміршеңдігін көрсетті.

Елімізде тиімді экономикалық, саяси, әлеуметтік қайта құруды жүргізетін мемлекеттік

қызмет үлгісін қалыптастыру үшін ізденістер жүргізуде. Мемлекеттік қызметтің жаңа моделін құру процесі әкімшілік реформалармен іске асыруда. Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің дамуы тиімді және шағын мемлекеттік аппараттың құрылуына әкімшілік рәсімдерді жетілдіруге бағыттайтын әкімшілік реформаларды құқықтық қамтамасыз етумен тығыз байланысты екені көрсетіледі (<https://adilet.zan.kz/>). Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында мемлекеттік қызметті жетілдіру мен дамытуда жаңа Қазақстандық моделін құру процесі әкімшілік реформалармен тығыз байланысты екендігі сөз етілген болатын.

Мәселен, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес «Мемлекеттік аппараттың қызметін одан әрі жетілдіру мемлекеттің рөлі мен функцияларын қайта ойластыру арқылы жүзеге асырылатын болады» деп көрсетілген (<https://adilet.zan.kz/>). Мемлекеттік аппараттың қызметі жалпыға міндетті стандарттар, көпшілік үшін міндетті нормалар және мінез-құлық ережелері (құқықтық нормалар) дайындау және қабылдау, оларды әлеуметтік-саяси құбылыстарды реттеу жағдайына пайдалануға, заңдық кепілдіктер мен құқықтық мүмкіндіктер аясын кеңейту, сондай-ақ тыйым салу мен шектеулердің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында жаңа форматтағы басшыларды даярлау жарқын болашақтың басты міндеті ретінде айқындалды.

Егемен Қазақстанның стратегиялық мақсаттарын орындау жолында кадрларды таңдаудың және лауазымға жоғарлаудың тиімді тетіктерін қалыптастыру, сонымен қатар мемлекеттік аппараттың кәсіби әрі ашық қызметін қамтамасыз ету қажеттігі туындады (<https://adilet.zan.kz/> Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік басқару механизмдерін іске асыру үшін мамандарды іріктеу тиімділігін арттыру өзекті. Сонымен қатар, мемлекеттік аппараттың жариялы, ашық жұмыс жасауы және объективті принциптерді негізге алуы маңызды.

Дамыған шет елдерде мемлекеттік аппараттың тыңбай жұмыс істеуін әкімшілік мемлекеттік қызметшілер атқарады, себебі мемлекеттік биліктің саяси өзгерісі мен әрекеті арасында өзара іс-қимылы нақтыланған.

Мемлекеттік қызмет жүйесінде саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге бөліп қарастыру, ведомствоның саяси басшылары ауысқан жағдайда әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді құқықтық жағынан қорғауға заңнамалық кепілдік ықпал етеді

Мемлекеттік қызметтегі саяси өзгерістер, жаңа тағайындаулар мемлекеттік аппаратқа теріс ықпал етуі мүмкін. Себебі, мекеме, кәсіпорын, ұйымның басшысын ауыстыру, әлбетте, басшының командамен келуі және одан бұрын кәсіби мамандардың басым көпшілігінің жұмыс орнынан себепсіз шығарылуына әкеп соғады. Осылайша, кәсіби мамандардың қудалауға ұшырауы салдарынан мемлекеттік кадрлар саясаты жүргізуде тұрақсыздық орын алады. Мемлекеттік қызметте жұмыс сапасын көтеру және нәтижелігін арттыру үшін ынталандыру механизмдерінің болуы керек.

2017 жылы жүргізілген аттестаттау нәтижелері бірқатар мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлық деңгейі мен құзыреттілігі жеткілікті деңгейде емес екені көрсетті (<https://adilet.zan.kz/>). Мемлекеттік қызметкерлер арасында біліктілігі төмен мамандардың бар екені жасырын емес, ол мемлекеттік аппараттың тиімді әрі сапалы істеуіне кедергі келтіреді.

Қазіргі уақытта ел экономика мен қоғамдық институттардың даму жолына мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігінің әлсіздігі кері әсер етуді.

Бүгін күні Қазақстан Республикасында басты мәселе – мемлекеттілікті нығайту, қарқынды дамып келе жатқан ел ретінде қалыптастыру және одан әрі дамыту – мемлекеттік басқару жүйесінде тиімді және өнімді жұмыс істеуінсіз, алға қойған мақсатқа және нәтижеге жеткізу мүмкін емес. Ғылыми зерттеуде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік аппарат түсінігін, негізгі қызметтерін саралау және оның құрылымын жан-жақты талқылау жасалынды.

Мемлекеттік аппарат – заңда көзделген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыратын және құқықтық жауаптылықты көтеретін мемлекеттік органдар жүйесі құрайды. Осылайша, мемлекеттік басқару аппаратына заң шеңберінде өкілеттіліктер (құқықтар мен міндеттер) берілген.

Мемлекеттік аппараттың белгілері: мемлекет алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында мемлекеттің ықыласы бойынша жүзеге асырылады; мемлекет атынан заң күші бар жалпыға бірдей және қоғамдық маңызды мі-

нез-құлық ережелерін дайындауды және қабылдауды; мемлекеттік мәжбүрлі және міндеттеуде монополияға иелік етеді; мемлекет аппараттың қызметшілері өз өкілеттіктері кәсіби негізде іске асыру және басқарушылықтан басқа, қоғамдық-пайдалы қызметпен айналысуға жол берілмейді; мемлекеттік аппарат билік органдары (әскер, әкімдік, полиция) және материалдық құндылықтарды қамтиды.

Бұл жерде, еліміздегі мемлекеттік аппараттың қызмет көрсету сапасын көтеру, стратегиялық дамуды жүзеге асыру және мемлекеттік қызметшілердің маңызды жұмыс жүргізу функцияларын үйлестіру, бірыңғай әдістемелік амал-тәсілдерге сәйкес мемлекеттік кадр саясатын жүргізуді қолға алу деп түсінеміз.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мемлекеттік басқаруды оңтайластыру жүйесінің маңызы бағыты ретінде танылады. Мемлекеттік аппарат жүйесінде саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер деп бөлуді заңнамалық деңгейде бекіту, оларды әлеуметтік-құқықтық қорғалуына ықпал ететін оңтайластырылған жаңалық болып табылады. Осыған орай, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік-құқықтық қорғалуы бар жерде, кадрлар тұрақтылығы кәдімгідей байқалады.

Зерттеу материалдары мен әдістер

Ғылыми мақаланың мақсаты мемлекеттік басқару жүйесіндегі мемлекеттік қызметші құқықтық жағдайын зерттеуге диалектика тәсілдері пайдаланды. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшінің құқықтық мәртебесіне қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін талдау жасалынды.

Ғылыми мақалада мемлекеттік қызметшінің құқықтық мәртебесін анықтау және онымен байланысты қалыптастыру сұрақтарын қарастыруға арналған. Мемлекеттік қызметшінің құқықтық жағдайына байланысты өзекті мәселелерді талдау арқылы ғылыми тұжырымдамалар жасалынған.

Мемлекеттің алдына қойған міндеттерін шешу үшін ғылыми-теориялық мониторингін және теориялық-құқықтық реттеуді талап етеді. Осы тұста құқықтық база мемлекеттік аппараттың бүгінгі жағдайын көрсетіп қана қоймай, оның әрі қарай жетілуі үшін тиісті жағдайлар жасалуы керек. Ескірген құқық қолдану принциптері және жинақталған тәжірибиелері мем-

лекеттік аппараттың жағдайына теріс ықпал етуі, өзге де қоғамдық қатынастардың жетілуін тежейтіні анық. Сондай-ақ мемлекеттік қызметтің тиімді әрі нәтижелі болуын төмендететіні ақиқат. Осыған байланысты, зерттеуімізді ҚР мемлекеттік аппарат институтының қалыптасуы өзекті болып саналады және елдің тұрақты дамуына ықпал етуде деген ойға келдік.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Мемлекеттік аппараттың қызметінің сапалы болуы және жұмыс тиімділігін арттыру жағдайы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайына тікелей ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі, яғни өкілеттіліктер көлемі заңдармен берілген құқықтар мен бостандықтардың, міндеттердің, шектеулердің, тыйымдардың, жауапкершіліктердің жиынтығынан тұрады. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі заңмен ғана емес, көптеген нормативтік құқықтық актілермен анықталады (Дуйсенов, 2016: 93). Бұл жерде, автор мемлекеттік қызметшінің құқықтық мәртебесін толық ашпаған, анықтама-сын қысқаша қайырған.

Ал, арнайы құқықтық мәртебеге келер болсақ, оның мазмұны басқарушылық қатынастардың белгілі бір түріне кіре, қатыса алуының заңи мүмкіндіктерінің жиынтығынан құрылады. Осындай қатынастардың субъектілері ретінде мемлекеттік қызметшілер арнайы біліктілік талаптарына сай болулары қажет (Уваров, 2004: 296). Арнайы құқықтық мәртебеге келер болсақ, заңи мүмкіндіктердің жиынтығын құрайтындығын назарға ұстаған. Осылайша, автор мемлекеттік қызметшілер үшін арнайы біліктілік талаптарына сай болулары қажет деген пайымдауға келген. Бір-ақ, арнайы біліктілік талаптарын нақтыламаған.

Әкімшілік құқық қатынастардың субъектілері ретінде мемлекеттік қызметшілер әлеуметтік-экономикалық, мәдени көпшілік және саяси-әкімшілік қатынастарды басқару, демократия мен құқық негізінде қоғамды реформалау және елдікті нығайту сияқты міндеттерді шешуде аса маңызды функцияларды орындайды. Мемлекет пен қоғамда болып жатырған жаңарулар мемлекеттік қызметшілер алдына жаңа талаптар қойылуда (Овсянко 2005: 7). Осылайса, мемлекеттік қызметшілер демократиялық принциптер мен құқықтық нормалар негізінде мемлекеттілікті дамыту және процестерді рефор-

малау бағытынды тұщымды мәселелерді шешу көзделген. Заман талабына сай мемлекеттік қызметшілерге жаңа міндеттер орындау және соған лайықты болуды айқындаған. Әрине құқық жүйесінде мемлекеттік қызметшінің орын ерекше, кез келген құқықтық қатынастың субъектісі ретінде басқару, тәртіп орнату және демократиялық қоғамды дамыту бойынша заң шеңберінде жұмыстар жасайды.

С.И. Ожегов пайдымдауынша «Қызмет – қызметшінің кәсіби жұмысы мен атқаратын міндеттерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ол қызметшінің негізгі еңбек ететін орны ретінде де түсіндіріледі. Осыған сәйкес, қызметші – ақыл-ой еңбегінің әртүрлі салаларында жалданып жұмыс істейтін тұлға. Ол – өзге адам үшін бір іс атқаратын, өзгенің тілегі, бұйрығы немесе тапсырмасын орындайтын, сондай-ақ өзгенің мүддесі үшін күш-жігерін жұмсайтын адам» деп анықтама берген (Ожегов & Шведова, 1997: 86). С.И. Ожегов қызмет ұғымын нақтылай отырып, тиянақты тұжырым жасаған. Қызметші – ой-толғау еңбегінің әр түрлі салаларында жалданып жұмыс істейтін тұлға деген ойы өте орынды білдірілген деген ой қалдырады. Автор қызметшінің еңбек үрдісіндегі тек кәсіби-технологиялық ережелермен ғана емес, әлеуметтік құқықтық қатынас нормаларымен реттеледі. Қызметшінің еңбек үрдісіндегі өзіндік құқықтық қарым-қатынастарының орнауын оның еңбек функцияларының ерекшеліктері мен міндетті элементі ретінде қарастырғанды жөн көрген. Қызметшінің құқықтық мәртебесі оны өзі қызмет ететін немесе қызмет көрсететін субъектілермен әлеуметтік, құқықтық және өзгеде қарым-қатынастар орнатуға мәжбүрлейді.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Әрбір мемлекеттік қызметкер өз ісін адал атқаруы тиіс» деген болатын (<https://www.akorda.kz/>). Осы мәлімдеме мемлекеттік қызметтегі паракорлықтың алдын алудағы негізгі күш, адами құндылықтар, оның ішінде адалдық екенін мемлекеттік деңгейде ұғынуды білдіреді деп ойлаймыз (Айтимов, 2024: 19-28). Мемлекеттік қызметші өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен атқару кезінде адалдық пен парасаттылық қағидаларына сүйенгені абзал.

Заңнамада мемлекеттік қызметшілердің өз лауазымдық міндеттерін орындамауы, тиісінше орындамауы немесе өкілеттіктерін асыра пайдалануы жағдайында жеке жауапкершілік қағидаты көзделген (<https://adilet.zan.kz/>). Бұл қағида мемлекеттік тәртіпке, мемлекеттік қыз-

метшілердің өздеріне тапсырылған іске жауапкершілігінің қалыптасуына бағытталған. Бұл қағида әрбір қызметкер жауапкершіліктен қашпауы, басқалардың арқасында жасырынбауын, өзіне берілген мүмкіндікті толық пайдаланып, дербес және жеке өзімен дайындалған құжаттар мен шешімдерге, оларға байланысты туындаған салаларға жауап беруін талап етеді (Дуйсенов, 2016: 74). Мемлекеттік қызметші жұмысына адал қарамау және оның жауапкершіліксіздігі мемлекеттік аппаратқа деген сенімді жоғалтуға және өзге де ауыртпалықтарды көтеруге әкеліп соғады.

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты басшылыққа алуға және оны жүйелі түрде іске асыруға, сондай-ақ қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына деген сенімін сақтау мен арттыруға міндетті (<https://adilet.zan.kz/>). Мемлекеттік қызмет оны атқаратын азаматқа қоғам мен мемлекет атынан атқарылатын «сенім жүгі», оны атқаруда азаматқа қоғам тарыпынан биік адамгершілік құндылықтарды ұстану, кәсіби әдеп нормаларын сақтау талаптар қойылады (<https://adilet.zan.kz/>). Осылайша, қызметші мемлекет атынан әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық қатынастарға адами құндылықтар мен әдеп ережелерін сақтай отырып түседі.

Мемлекет атынан әрекет ететін мемлекеттік қызметшіге қатысты шетілдік және отандық ғалымдардың еңбектерін талдау арқылы жасалынған.

Ресейлік ғалым Ю.Н. Стариловтың пайымдауынша «Мемлекеттік қызметші деп заңда белгіленген тәртіпте, мемлекеттік әкімшілік құрылымындағы (атқарушы, заң шығарушы, сот билігінде) лауазымдардың штатына енгізілген, мемлекеттік органдармен еңбек шартын жасасқан, мемлекет атынан өкілеттілікті (соның ішінде мемлекеттік-билікті) жүзеге асыратын, ақшалай ақы төленетін (еңбекақы) және мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік-құқықтық мәртебе алатын азаматты айтамыз» деген болатын (Старилов, 1996: 54). Заңгер-ғалым Ю.Н. Старилов мемлекеттік қызметші анықтамасына өте орынды пікір білдірген. Автор мемлекеттік қызметші түсінігін мемлекеттік билік тармағын үш негізгі билікке бөліп қарастырып, лауазымдық бірлік арқылы мемлекеттік атынан өкілеттіліктерді жүзеге асыратын және сол үшін жалақы алатын белгілі бір азамат деп тұжырымдайды.

Мемлекеттік қызмет заңнаманың айтарлықтай тығыз байланысы Қазақстан Республика-

сының Еңбек заңнамасымен байқалады, себебі мемлекеттік қызметшілер өздерінің қызметінің процесінде, осы заңмен реттелмейтін бөлігінде, еңбек нормаларының ықпалына түседі (<https://adilet.zan.kz/>). Мемлекеттік басқару мен еңбек функциясы арасындағы қарым-қатынас қалыптасады және байланыс орнатылады. Сол себепті, мемлекеттік қызмет кәсіби сипатта ие бола отырып, еңбек функциясының құрамдас бөлігі болып есептеледі.

Тиісінше, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби функционалдық қызметі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңымен, ал кейбір мәселелер Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің нормаларымен қарастырылады. Осылайша, еңбек заңдары мемлекеттік қызметшілердің еңбек функциясының көптеген мәселелерін реттестіреді.

Заңнамаға енгізілген өзге де түзетулерге сәйкес, мемлекеттік қызмет саласында қашықтан жұмыс істеу мен икемді жұмыс тәртібін реттеу өкілеттігі Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне жүктелді. Уақыт көрсеткендей, пандемия кезеңі мен кең ауқымды цифрландыру үрдісі қашықтан еңбек ету мен икемді жұмыс режимін қолданудың тиімділігін айқындады. Осы бағыттағы қажетті құқықтық нормалар 2021 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне енгізілген болатын. Дегенмен, мемлекеттік басқару жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, аталған мәселелер мемлекеттік қызмет аясында нақты әрі жан-жақты реттелуі қажет. Сондықтан ендігі уақытта мемлекеттік қызметшілердің қашықтан жұмыс істеу және икемді жұмыс кестесін қолдану тәртібі Агенттіктің тиісті бұйрығымен айқындалатын болады (Жазықбай 2024: 62).

Қызметшілердің кәсібилігін арттыру, дайындық жүйесінде тиімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен олардың біліктілігін көтеру – мемлекеттік қызметтің ұйымдастырушылық институтының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады (Сериев, 2021: 87). Зерттеушілердің пікірінше, бұл бағыттағы жұмыстар қолданыстағы ережелер мен нормативтік құжаттар негізінде ұйымдастырылуы тиіс. Атап айтқанда, оқуға резервте тұрған қызметшілерді тарту, оқу үдерісін мансаптық жоспарлау жүйесімен ұштастыру, және оқу нәтижесі негізінде олардың қызметте өсуіне мүмкіндік жасау көзделуі қажет. Сонымен қатар, оқу бағдарламалары мен жоспарлары кәсіби шеберлік пен практикалық

дағдыларды дамытуға бағытталуы тиіс. Еңбекті ынталандыру жүйесі нақты және тиімді түрде тек мемлекеттік қызметтің ұйымдастырушылық институтын дұрыс қалыптастырған жағдайда ғана орнығады. Қызметшінің әлеуеті мен құндылығын айқындайтын арнайы сауалнама, тестілеу және басқа да бағалау құралдарын енгізу – ынталандырудың пәрменділігін арттыратын дәлелді тәсілдердің бірі. Мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде үміткердің жұмыс мазмұнына, еңбек шарттарына, сыйақы жүйесіне және мансаптық өсу мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылады.

Мемлекеттік қызметке мемлекет иелік еткендіктен, бұл мемлекеттік басқарудың бюрократиялық элементі ғана емес, біріншіден жария-құқықтық тұрғыдан реттелетін әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Бұл басқару үлгі негізінде мемлекеттік қызметші үшін бастысы қоғамға парасаттылық және шынайы ниетпен жұмыс жасау... болып табылады (Лепяхина, 2021: 273-275). Бұл тұжырым бойынша айтар болсақ, автор мемлекеттік қызметтің тұтқасын мемлекет ұстағандықтан, мемлекетті басқаруда процесінде мәжбүрлеу функциясы ғана емес, әлеуметтік-құқықтық қолдау міндеттемесінің бар екендігін басшылыққа алады. Сондай-ақ прасаттылық, адалдық және объективтілік мемлекеттік қызметші үшін басты принцип дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 1-бабының 12-тармағында «Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасында айқындалған Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы» деп мемлекеттік қызметші туралы ресми анықтама берілген (<https://adilet.zan.kz/>). Алайда, заңнама шынайы әрі объективті анықтамасын беріп отыр.

Мемлекеттік аппараттағы қызметкерлердің тәртіп нормаларын айқындауда мемлекеттік қызметті тиімді ұйымдастыру айрықша мәнге ие. Бұл ретте аса маңыздысы – жоғары тұрған органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімде-

рін орындау кезінде әділдік, адалдық, сатылмаушылық және Отан алдындағы борышқа деген беріктік сияқты қасиеттерді ұстану. Мемлекеттік органның қызметі материалдық-техникалық қамтамасыз ету, пайдалану мен күзетілетін ғимараттарды, қызметтік автокөліктерді және басқа да қажетті инфрақұрылымды ұсыну арқылы ұйымдастырылады.

Мемлекеттік қызмет пен басқарудың ыңғайлы жүйесін ойластыру мемлекеттік қызметтің заманауи және тиімді үлгісін зерттеу барысында басымдылыққа ие, ал мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру мақсатында мемлекеттік қызметтегі мамандардың сапалық құрамына анағұрлық жоғары талаптар қоюды назарда болуы тиіс. Осылайша, мемлекеттік басқаруды жақсартуға ықпал ету жөніндегі институттарын және өзіндік даму заңдылықтарын күшейту ауқымы кеңейеді.

Мемлекеттік қызметтің сапалы жұмыс істеуі және сандық өсім көрсеткіштері, мемлекеттілікті нығайтуға бағытталады.

Қорытынды

Қорыта келе, мемлекеттік басқару аппараты жүйесіндегі мемлекеттік қызметшінің құқықтық жағдайы шетілдік және отандық ғалымдардың еңбектерін талдай келе, төмендегідей тұжырымдамалар жасадық:

Біріншіден, мемлекеттік қызметші – әлеуметтік құқықтық институттың және құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде заңмен белгіленген тәртіппен, мемлекеттік аппарат жүйесінде лауазымына сәйкес мемлекеттік атынан кәсіби деңгейде міндетерді атқаратын қызметкер. Мемлекеттік басқару жүйесінде жұмыстың сапалы әрі тиімді болуы, нәтижелілігінің арттыруы мемлекеттік қызметкердең кәсібилігіне байланысты, сондай-ақ қызметшілердің құқықтық жағдайына тікелей ықпал етеді.

Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін ойластыру мемлекеттік қызметтегі мамандардың сапалық құрамына анағұрлық жоғары талаптарды меңзейді. Мемлекеттік қызметкердің сапалы әрі тиімді жұмыс жасмауы және сандық өсім көрсеткіштерінің айтарлықтай артуы мемлекеттілікті нығайтуға ықпал етеді.

Екіншіден, мемлекеттік қызметшілердің этикасы мен мәдениетін дамытудың төмен деңгейге болуы мемлекеттік қызмет институтының бүкіл жүйесіне кедергі келтіруі мүмкін. Білімділіктің

төмен деңгейі – жалпы адамзаттың мәдениетінің дамымай қалуына, нәтижелі басқару мен шешім қабылдау процесіне, ресми іскерлік қарым-қатынастың қалыптасуы мен орнығуына теріс әсер беруі сияқты жағдайлар білімнің жеткіліксіздігі кәсіби еместікті, білімсіздікті білдіреді. Мұндай жағдайлар азаматтық қоғам тарапынан мемлекеттік қызмет институтына деген сенімді жоғалтуға әкеп соғады. Азаматтық қоғамда қалыптасқан теріс пікір, ынта-жігерді құлату арқылы мемлекеттік қызметшілердің кәсіби функционалдық қызметінің сапасы мен өнімділігін төмендетеді. Мемлекеттік қызметшілердің ресми іскерлік қарым-қатынас мәселелері қоғамдық қатынастардың қарқынды күрделенуін ғана емес, олардың күрт өзгеруін де ескереді, қазіргі мемлекеттік қызмет үшін өзекті болып табылатыны сөзсіз. Мемлекеттік қызметкерлердің сөз саптау мен сөз сөйлеу біліміне, ресми іскерлік қарым-қатынас мәдениетіне жоғары талаптар қоятыны айдан анық.

Үшіншіден, мемлекеттік қызметшілердің ант беру тәртібін нақтылау қажеттілігі туындауына байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына мемлекеттік қызметшілердің ант беру рәсіміне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу тұжырымдалды. Мемлекеттік қызметкерлердің антты бұзылуы жұмыстан шығарудың негізі ретінде бекіту сияқты нормалар енгізу көзделді.

Төртіншіден, шетелдік және ұлттық тәжірибие мен заңнамаларға сүйене отырып, мемлекеттік аппаратты ұйымдастыру, мемлекеттік басқаруда құқықтық реттеуге мүмкіндік беретін мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы ғылымға негіздеп, тәжірибиеге ұштастыра отырып, тұжырымдамалар мен теориялық пайымдауларды дайындау арқылы мемлекеттік басқарудың нәтижелілігін арттыру механизмдерін зерттеу. Осылайша, ҚР мемлекеттік басқарудың кезекті мәселелеріне ғылыми қызығушылықтың артуы объективті негізді болып табылады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант №BR 27195163 – Қазақстанның мемлекеттік қызметінің ұйымдастырушылық мәдениетін трансформациялау архитектурасы).

Әдебиеттер

- Айтимов Б.Ж. Мемлекет қызметте мүдделер қақтығысын алдын алудың құқықтық реттелуі // Айтимов Б.Ж., Сериев Б.А. // Құқық қорғау органдарының Жаршысы. – 2024. – №2 (32). – Б. 19-28.
- Дуйсенов Э.Э. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» заңына түсіндірме (бап бойынша) // Э.Э. Дуйсенов / 2 бас. ауд. Ш.Т. Байсугирова өзгері. – А., 2016. – 340 б.
- Жазықбай Д. Әділетті Қазақстан адал азамат. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және тұлғалық болмысы: монография. – Алматы: Smart university Press, 2024. – 183 б.
- Қазақстан Республикасының Президентінің 2009 жылдың 24 тамызындағы №858 «Қазақстан Республикасы 2010 жылдан 2020 жылғы дейінгі кезеңдегі Құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000731> (қаралу уақыты: 02.06.2025)
- Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522> (қаралу уақыты: 02.06.2025)
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдамасы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 119 Жарлығы [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000119> (қаралу уақыты: 02.06.2025)
- Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522> (қаралу уақыты: 02.06.2025)
- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416> (қаралу уақыты: 03.06.2025)
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000153> (қаралу уақыты: 03.06.2025)
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (қаралу уақыты: 05.06.2025)
- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulyktau-rasiminde-soylegen-sozi-26104659> (қаралу уақыты: 05.06.2025)
- Левахина И.С. Административно-правовой статус государственных служащих / И. С. Левахина. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2021. – № 48 (390). – С. 273-275.
- Овсянко Д. М. Административное право. – Москва: Юристъ, 2005. – с.17-18.
- Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка. 4-е изд. – Москва: Азъ, 1997. – 944 с.
- Старилов Ю.Н. Служебное право: учебник. – Москва: БЕК. – 1996. – 698 с.
- Сериев Б.А. Мемлекеттік қызметкердің құқықтық мәртебесі: оқу құралы // Сериев Б.А., Аяжанова М.К., Султанова Г.С. – Алматы: Эпиграф, 2021. – 284 б.
- Уваров В.Н. Государственная служба и управление: Учебник. – Петропавловск: Северо-Казхастанская юридическая академия (Сары-Арка), 2004. – 416 с.

References

- Qazaqstan Respublikasynyng Prezidentining 2009 zhyldyng 24 tamyzyndagy №858 «Qazaqstan Respublikasy 2010 zhyldan 2020 zhylyg deyingi kezengdegi quyqytyq sayasat tuzhyrymdamasy turaly» ZHarlygy. [Elektrondyq resurs] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000731> (qaralu uaqyty: 02.06.2025)
- Qazaqstan Respublikasynda memlekettik basqarudy damytudyng 2030 zhylyga deyingi tyzhyrymdamasyн bekitu turaly: Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniң 2021 zhylyry 26 aқpandary № 522 ZHarlyry. [Elektrondyq resurs] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522> (qaralu uaqyty: 02.06.2025)
- Qazaqstan Respublikasy memlekettik kyzmeti zhanа modeliniң tyzhyrymdamasy turaly: Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniң 2011 zhylyry 21 shildedegi № 119 ZHarlyry [Elektrondyq resurs] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000119> (qaralu uaqyty: 02.06.2025)
- Qazaqstan Respublikasynda memlekettik basqarudy damytudyng 2030 zhylyga deyingi tyzhyrymdamasyн bekitu turaly: Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniң 2021 zhylyry 26 aқpandary № 522 ZHarlyry. [Elektrondyq resurs] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522> (qaralu uaqyty: 02.06.2025)
- Dujsenov E.E. Qazaqstan Respublikasynyng «Qazaqstan Respublikasynyng memlekettik kyzmet turaly» zaңyna tysindirme (bap boyjnsha) // E.E. Dujsenov / 2 bas. aud. SH.T. Bajsugirova өзgeri. – А., 2016. – 340 b.
- Uvarov V.N. Gosudarstvennyа sluzhba i upravlenie: Uchebnik. – Petropavlovsk: Severo-Kazahstanskaya yuridicheskaya akademiya (Sary-Arka), 2004. – 416 s.
- Ovsyanko D. M. Administrativnoe pravo. – Moskva: YUrist”, 2005. – s.17-18.
- Ozhegov S. I., SHvedova N. YU. Tolkovyj slovar’ russkogo yazyka. 4-e izd. – Moskva: Az”, 1997. – 944 s.
- Memleket basshysy Qasym-ZHomart Toқаevtyң ұлықтау rәsiminde sөjlegen sөzi. [Elektrondyq resurs] – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulyktau-rasiminde-soylegen-sozi-26104659> (qaralu uaqyty: 05.06.2025)

Ajtimov B.ZH. Memleket qызmette mўddele қактығусын алдуп алудың құқықтық реттелуі // Ajtimov B.ZH., Seriev B.A. // Құқық қорғау органдарының ZHarshysy. – 2024. – №2 (32). – В. 19-28.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадары № 416-V Қазақстан Республикасының Заңы. [Elektronдық resurs] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416> (қаралу уақыты: 03.06.2025)

Dujsenov E.E. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңына түсіндірме (бар боюнша) // E.E. Dujsenov / 2 bas. aud. SH.T. Bajsigirova. – A., 2016. – 340 b.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің өдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі зhetildiru жhоніндегі шаралар туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандары № 153 ZHarlyғу. [Elektronдық resurs] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000153> (қаралу уақыты: 03.06.2025)

Starilov YU.N. Sluzhebnoe pravo: uchebnik. – Moskva: BEK. – 1996. – 698 s.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадары № 414-V ҚРЗ. [Elektronдық resurs] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (қаралу уақыты: 05.06.2025)

ZHazyқбай D. Әділетті Қазақстан адал азамат. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және тұлғалық болмасы: монография. – Алматы: Smart university Press, 2024. – 183 b.

Seriev B.A. Memleketтік қызметкердің құқықтық мәртебесі: оқу құралы // Seriev B.A., Ayazhanova M.K., Sultanova G.S. – Алматы: Epigraf, 2021. – 284 b.

Lepahina I.S. Administrativno-pravovoj status gosudarstvennyh sluzhashchih / I. S. Lephina. – Tekst : neposredstvennyj // Molodoj uchenyj. – 2021. – № 48 (390). – S. 273-275.

Авторлар туралы мәлімет:

Жаниабай Абзал Керімбекұлы – Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құқық және экономика факультетінің 1 курс докторанты (Талдықорған, Қазақстан, e-mail: mrfad2025@internet.ru).

Сериев Болат Абдулдаұлы (хат-хабарға жауапты автор) – заң ғылымдарының кандидаты, профессор, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма мүшесі – жасстар саясаты жhоніндегі проректоры (Талдықорған, Қазақстан, e-mail: seriev_bolat@mail.ru).

Тайторина Бинур Адамовна – заң ғылымдарының докторы, құқықтану кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: binur.a@mail.ru).

Хамзина Жанна Амангельдиевна – заң ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: mmmmp13@mail.ru).

Коньсбекова Макпал Рымкуловна – заң ғылымдарының магистрі, құқықтық пәндер кафедрасының оқытушы-дәріскері, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған, Қазақстан, e-mail: makpal_konysbekova@mail.ru).

Information about authors:

Zhanshabay Abzal Kerimbekuly – 1st-year doctoral student at the Faculty of Law and Economics, Zhetysu University named after Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: mrfad2025@internet.ru).

Seriev Bolat Abduldaevich (corresponding author) – candidate of law, professor, Member of the Management Board – Vice-Rector for Youth Policy of Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: seriev_bolat@mail.ru).

Taitorina BinurAdamovna – doctor of Law, professor of the Department of jurisprudence, Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan, e-mail: binur.a@mail.ru).

Khamzina Zhanna Amangeldievna – doctor of law, professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mmmmp13@mail.ru);

Konysbekova Makpal Rimkulovna – master of legal sciences, teacher-lecturer of the department of legal disciplines, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: makpal_konysbekova@mail.ru).

Информация об авторах:

Жаниабай Абзал Керімбекұлы – докторант 1 курса факультета права и экономики Жетісуского университета имени Жансугурова (Талдықорған, Казахстан, e-mail: mailto:mrfad2025@internet.ru).

Сериев Болат Абдулдаевич (корреспондент-автор) – кандидат юридических наук, профессор, Член Правления – проректор по молодежной политике Жетісуского университета им. И. Жансугурова (Талдықорған, Казахстан, e-mail: seriev_bolat@mail.ru).

Тайторина Бинур Адамовна – доктор юридических наук, профессор кафедры юриспруденции, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: binur.a@mail.ru).

Хамзина Жанна Амангельдиевна – доктор юридических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: mmmmp13@mail.ru).

Коньсбекова Макпал Рымкуловна – магистр юридических наук, преподаватель-лектор кафедры правовых дисциплин, Жетісуский университет имени И. Жансугурова (Талдықорған, Казахстан, e-mail: makpal_konysbekova@mail.ru).

Тіркелген: 19 тамыз 2025 жыл.
Қабылданды: 20 желтоқсан 2025 жыл.